



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 15 қарашадағы № ДС-436 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуға қатысты сіздердің сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуға қатысты.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде ағымдағы жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату жөнінде заңнамалық түзетулер енгізілді.

Айталық, 2023 жылғы 19 мамырдан бастап Қылмыстық кодекске өзгерістер заңды күшіне енді. Денсаулыққа орташа және ауыр зиян келтіру сияқты ең көп таралған тұрмыстық қылмыстар бойынша «*кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділіктегі адамға қатысты іс-әрекет жасау*» біліктілік белгісі енгізілді. Енді тұрмыс саласында денсаулыққа ауыр немесе орташа зиян келтіру 6 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады (*бұрын 3 жыл болған*).

Әкімшілік заңнамаға түзетулер енгізілді (*2023 жылғы 1 шілдеден күшіне енді*). Әрекетке байланысты қамауға алудың белгіленген мерзімі кемінде 5 тәулік болып көзделген, алғаш рет жасалғандар бойынша 5, 10, 15 тәулік, ал қайталанған жағдайда – 25 тәулікке дейін белгіленеді.

Татуласу рәсімі күшейтілді. Сотта ғана тек бір рет татуласуға болады, бұрын ешқандай шектеулер болған жоқ. Тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің өтініш беру сипатынан анықтау сипатына көшу жүзеге асырылды (*бұрын, жәбірленушінің мәлімдемесінсіз полицияда дебоширлерді жауапқа тартуға негіз болған жоқ*).

Тұтастай алғанда, қабылданып жатқан ұйымдастырушылық және құқықтық шаралардың нәтижесінде 2023 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды тіркеудің 20%-ға (*102 644-тен 82 927-ге дейін*), оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің 4,2%-ға (*743-тен 712-ге дейін*) төмендеуі байқалады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс депутаттары әзірлеген әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Заң жобасы¹ шеңберінде Қылмыстық кодекске мынадай өзгерістер пысықталуда. Қылмыстық кодекстің 106, 107 және 110-баптарында денсаулыққа ауыр және орташа қасақана зиян келтіру бойынша бас бостандығын шектеу сияқты жаза түрі алынып тасталды, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолдану ұсынылды.

Анықтама: 106-бап. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, 107-бап. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру және 110-бап Азаптау.

Сонымен қатар іс жүзінде қолданылуы қиын баптардың бірі – Қылмыстық кодекстің 110-бабы (Азаптау), өйткені жүйелілікті дәлелдеу қиын. Осыған байланысты бұл бап тергеуші-практиктердің, прокурорлар мен судьялардың пікірінше, іс-әрекеттерді дұрыс саралауға және кінәлілерді жауапқа тартуға мүмкіндік беретін «жүйелілікті» түсіндіру жөніндегі ескертумен толықтырылды.

ӘҚБтК-нің² 54-бабында отбасындағы зорлық-зомбылық үшін соттың агрессорды үйден шығаруын қарастыру және отбасы мүшелерін қорғау ұсынылады. *(Бұрын агрессорда балама тұрғын үй болған жағдайда ғана шығаруға болатын).*

Сол сияқты соттың құқық бұзушының агрессивті мінез-құлқын өзгертуге бағытталған міндетті психологиялық көмекті қолдануы көзделеді.

Өз кезегінде, мемлекеттік органдар Заң жобасына Үкімет қорытындысының жобасын қарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісуінде жатыр *(2023 жылғы 28 қарашадағы №16-10/47153)*, жыл соңына дейін Парламент Мәжілісіне жолданатын болады.

Қоғамның талаптарын ескере отырып, заңнаманы одан әрі күшейту мақсатында құқық қорғау органдары Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне мынадай түзетулерге өзгерістер енгізуді пысықтайды. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, сондай-ақ ұрып-соғу бөлек құрамдармен Қылмыстық кодексте болуға тиіс. Осылайша, осы әрекеттер бірінші рет жасалса, әкімшілік жауапкершілік туындайды, екіншісінде – қылмыстық жауапкершілік, үшінші және одан кейін жасалғанда қылмыстық құқық бұзушылықтың жіктелген түрлері ретінде қарастырылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жауапты мемлекеттік органды заңнамалық түрде бекітуге қатысты

Мемлекеттік отбасы саясаты және тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы уәкілетті орган ретінде Мәдениет және ақпарат министрлігі бекітілді. Қажетті түзетулер Министрліктің ережесіне енгізілетін болады.

Ажырасқан әйелдерге алимент төлеуге қатысты

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) сәйкес алимент өндіріп алу борышкердің жалақысынан және табыстың өзге де түрлерінен жүргізіледі³.

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

² Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс

³ 93-бап. Борышкердің жалақысынан және өзге де табыс түрлерінен өндіріп алу.

Бұдан басқа, үш ай ішінде жалақыдан немесе өзге де кірістерден алимент төлемдерін өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда сот орындаушысы берешекті айқындау туралы қаулы шығарады және Заңның 32-бабына сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды (*борышкердің мүлкіне тыйым салу, белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, мүлікті сату және т.б.*).

Мәжбүрлеп орындау шаралары берешек айқындалғаннан кейін қабылданатынын ескере отырып, Әділет министрлігі алимент бойынша берешекті айқындау мерзімдері мен тәртібін 3 айдан 2 айға дейін өзгерту туралы ұсыныстар дайындады.

Сондай-ақ борышкер алимент төлеуден жалтарған жағдайда әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген (*ӘҚБтК-нің 669-бабы, ҚК-нің 139-бабы*).

Анықтама: ӘҚБтК-нің 669-бабында бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу көзделеді.

Қылмыстық кодекстің 139-бабында борышкер кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу міндеттерін 3 айдан астам орындамаған жағдайда ол 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

Осыған байланысты бүгінгі күні Әділет министрлігімен қолданыстағы заңнаманы (*алимент өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау және өндіріп алу тетігі жөнінде*) жетілдіру үшін «толық емес отбасылар» санатындағы азаматтардың, адвокаттардың қатысуымен жұмыс тобын құрды. Жұмыс тобы борышкермен сөз байласқан және борышкердің нақты жалақысын жасырған жасырған жағдайда жұмыс берушінің әкімшілік жауапкершілігін белгілеу өндіріп алушының өтініші негізінде жұмыс берушінің қызметін еңбек инспекциясының міндетті тексеруін заңнамалық тұрғыдан бекіту, жалақының тізбесін және (немесе) алимент ұсталатын табыстардың өзге де түрлерін толықтыру жөнінде ұсыныстар дайындады.

Анықтама: алимент төлемейтіндердің негізгі себебі-тұрақты жұмыстың болмауы. Сондықтан әділет органдары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп борышкерлерді жұмысқа орналастыру мақсатында «Бос орындар жәрмеңкесін» өткізеді. Ағымдағы жылы республика бойынша осындай 2 542 борышкер жұмысқа орналастырылды.

Қазіргі уақытта аталған ұсыныстар мемлекеттік органдарға келісуге жіберілді, келісілгеннен кейін Парламент Мәжілісіне жолданатын болады.

Аталаған мәселе Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажиліса Парламент
Республики Казахстан***На № ДС – 436 от 15 ноября 2023 года***Уважаемые депутаты!**

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев ваш запрос по ужесточению ответственности за бытовое насилие, сообщает следующее.

Касательно ужесточения ответственности за бытовое насилие

В рамках реализации поручений Главы государства в текущем году внесены законодательные поправки по ужесточению ответственности за бытовое насилие.

Так, с 19 мая 2023 года вступили в законную силу изменения в Уголовный кодекс, по наиболее распространенным бытовым преступлениям как причинение среднего и тяжкого вреда здоровью введен квалифицирующий признак «совершение деяния в отношении лица, находящегося в материальной или иной зависимости от виновного». Теперь причинение тяжкого или среднего вреда здоровью в сфере быта влечет лишение свободы до 6 лет (*ранее было 3 года*).

Внесены поправки в административное законодательство (*вступили в силу с 1 июля 2023 года*), в зависимости от деяния предусмотрены фиксированные сроки ареста не менее 5 суток, при этом впервые совершенным назначается 5, 10, 15 суток, а при повторном – до 25 суток.

Ужесточена процедура примирения. Примириться можно только один раз и только в суде, ранее ограничений не было. Осуществлен переход от заявительного к выявительному характеру регистрации бытовых правонарушений (*ранее без заявления жертвы у полиции не было оснований к привлечению дебоширов к ответственности*).

В целом в результате принимаемых организационных и правовых мер по итогам 11 месяцев 2023 года наблюдается снижение правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений на 20 % (*с 102 644 до 82 927*), в том числе уголовных правонарушений на 4,2 % (*с 743 до 712*).

Наряду с этим, в настоящее время в рамках проекта Закона¹ по вопросам обеспечения прав женщин и обеспечения безопасности детей, инициированного депутатами Мажилиса, прорабатываются следующие изменения в Уголовный кодекс. По умышленным причинениям тяжкого и среднего вреда здоровью в статьях 106, 107 и 110 Уголовного кодекса исключен вид наказания - ограничение свободы.

Справочно: Статья 106. Умышленное причинение тяжкого вреда здоровью; статья 107. Умышленное причинение средней тяжести вреда здоровью; статья 110. Истязание.

На практике одной из трудно применимых статей является статья 110, т.к. сложно доказать систематичность. Указанная статья была дополнена примечанием по разъяснению «систематичности», что по мнению следователей-практиков, прокуроров и судей позволит правильно квалифицировать деяния и привлекать виновных к ответственности.

Также предлагается в статье 54 КоАП² предусмотреть выселение судом агрессора за насилие в семье и обеспечить безопасность членов семьи (ранее это было возможно только при наличии у агрессора альтернативного жилища).

Аналогично предусматривается применение судом обязательной психологической помощи, направленной на изменение агрессивного поведения правонарушителя.

В свою очередь, проект заключения Правительства по проекту Закона рассмотрен государственными органами, находится на согласовании в Администрации Президента Республики Казахстан (16-10/47153П от 28 ноября 2023 года) и до конца текущего года будет направлен в Мажилис Парламента.

В целях дальнейшего усиления законодательства с учетом требований общества правоохранительные органы прорабатывают внесение следующих поправок в Уголовный и Уголовно-процессуальный кодексы. Умышленное причинение легкого вреда здоровью и побои предусматривается отдельными составами включить в Уголовный кодекс. Так, за первый случай данных деяний будет наступать административная ответственность, за второй – уголовный проступок, за третий и последующие – как квалифицированные виды преступлений.

Касательно законодательного утверждения ответственного государственного органа по профилактике бытового насилия и внесения проекта заключения по законопроекту в Мажилис Парламента

Уполномоченным органом в сфере государственной семейной политики и профилактики семейно-бытового насилия определено Министерство культуры и информации. Соответствующие поправки будут включены в Положение о Министерстве.

Касательно выплаты алиментов.

¹«О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения прав женщин и обеспечения безопасности детей»

²Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях

В соответствии с Законом «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» (далее – Закон) взыскание алиментов производится из заработной платы должника и иных видов доходов³.

Кроме того, в случае невозможности взыскания алиментных выплат с заработной платы или иных доходов в течение 3 месяцев судебный исполнитель выносит постановление об определении задолженности и принимает меры по обеспечению исполнения исполнительных документов в соответствии со статьей 32 Закона (*арест имущества должника, запрет на совершение определенных действий, реализация имущества и т.д.*).

Учитывая, что меры принудительного исполнения принимаются после определения задолженности, Министерством юстиции подготовлены предложения об изменении сроков и порядка определения задолженности по алиментам с 3-х до 2-х месяцев.

Кроме того, предусмотрена административная и уголовная ответственность в случае уклонения должника от уплаты алиментов (*ст. 669 КоАП, ст. 139 УК*).

Справочно: Статья 669 КоАП предусматривает штраф в размере пяти месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до пяти суток.

Статья 139 Уголовного кодекса предусматривает в случае неисполнения обязанностей должником более 3 месяцев по уплате средств по решению суда на содержание несовершеннолетних детей наказание привлечением к общественным работам на срок до 600 часов либо ограничением свободы на срок до 2 лет, либо лишением свободы на тот же срок.

В этой связи Министерством юстиции создана рабочая группа с участием адвокатов и граждан категории «неполные семьи» для совершенствования действующего законодательства (*по исполнению исполнительных документов о взыскании алиментов и механизма их взыскания*). Рабочей группой подготовлены предложения по установлению административной ответственности работодателя в случае сговора с должником и сокрытия реального заработка должника, законодательного закрепления обязательной проверки деятельности работодателя инспекцией труда на основании заявления взыскателя, дополнения перечня заработной платы и (или) иных видов доходов, из которых удерживаются алименты, и т.д.

Справочно: основной причиной неуплаты алиментов является отсутствие постоянной работы. Органами юстиции совместно с местными исполнительными органами проводятся «ярмарки вакансий» для трудоустройства должников, в текущем году трудоустроено 2 542 таких должника.

В настоящее время данные предложения направлены в заинтересованные государственные органы для согласования с дальнейшим направлением в Мажилис Парламента.

Указанный вопрос находится на контроле Правительства.

А. Смаилов

³ *Статья 93. Обращение взыскания на заработную плату и иные виды доходов должника*

Исп.Имақова Ж.Д. тел750037